

*Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі*  
*Сыртқы сараптау комиссиясы*

*АРТА*  
*Аккредиттеу кеңесіне*  
*арналған*



Независимое агентство  
аккредитации и рейтинга

**Білім беру бағдарламаларының маманданған аккредиттеуі стандарттарының талаптарға сәйкес болуын бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясы жұмысының қортындысы туралы**

**ЕСЕП**

**МАМАНДЫҚ:** 0101000-Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру,  
0101013-Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі  
**МАМАНДЫҚ:** 0105000-Бастауыш білім беру,  
0105013-Бастауыш білім беру мұғалімі,  
0105033-Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі  
0105061- Тәрбиелеушінің көмекшісі

**«Арыстанбаб» колледжі ЖШС**

**2019 жылдың 18-20 наурыз аралығы**

**Сарыағаш қ., 18 наурыз 2019 жыл**

## МАЗМҰНЫ

<b>(I) ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>3</b>
<b>(II) КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>(III) БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ТАНЫСТЫРУ.....</b>	<b>4</b>
<b>(IV) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....</b>	<b>8</b>
<b>(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....</b>	<b>11</b>
<b>5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты.....</b>	<b>11</b>
<b>5.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері» стандарты.....</b>	<b>14</b>
<b>5.3. «Педагогикалық ұжым мен оқытудың тиімділігі» стандарты.....</b>	<b>15</b>
<b>5.4. «Білім алушылар» стандарты.....</b>	<b>19</b>
<b>5.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар» стандарты.....</b>	<b>22</b>
<b>5.6. «Жеке мамандықтар тұрғысындағы стандарттар» стандарты.....</b>	<b>23</b>
<b>(VI) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ТҰСТАРЫ /ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕ ШОЛУ .....</b>	<b>26</b>
<b>(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ.....</b>	<b>28</b>
<b>(VIII) АККРЕДИТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ҰСЫНЫСТАР.....</b>	<b>28</b>
<b>Қосымша 1.«МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ПРОФИЛЬ ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі .....</b>	<b>28</b>
<b>Қосымша 2. БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНЕ САПАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ.....</b>	<b>50</b>
<b>Қосымша 3.ОҚЫТУШЫЛАРҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>56</b>
<b>Қосымша 4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>56</b>

## **ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ**

- АРТА–Аккредиттеу мен рейтинг тәуелсіз агенттігі;
- ББ–Білім беру бағдарламалары
- ҚР–Қазақстан Республикасы
- ҚР БҒМ –Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі;
- МЖБС–Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- ТОб-типтік оқу бағдарламасы
- БМ-Білім беру мекемесі;
- ССК- Сыртқы сараптау комиссиясы;
- ҚТ- қауіпсіздік техникасы;
- ТБҚ- техникалық білім беру құралдары;
- ТжКБ- техникалық және кәсіби білім беру;
- ҚР НҚА –Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілері;

## II. КІРІСПЕ

КЕМ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің» 07.01.2019 жылдың № 16-19-ОД бұйрығына сәйкес ЖШС «Арыстанбаб» колледжінде келесі білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредитациясы жүргізілді: 0101000- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, 0101013- Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешісі, 0105000- Бастауыш білім беру, 0105013- Бастауыш білім беру мұғалімі, 0105033- Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі, 0105061 – Тәрбиелеушінің көмекшісі сыртқы бағалау АРТА стандарты негізінде жүргізілді.

ССК есебі білім беру ұйымы ұсынған білім беру бағдарламаларының АРТА критерийлерімен сәйкестік бағасын, білім беру бағдарламаларын ары қарай жетілдіру бойынша ССК ұсыныстарын және ЖШС «Арыстанбаб» колледжіндегі білім беру бағдарламаларының профильдік параметрлерін қамтиды.

### ССК құрамы:

1. **Комиссия төрайымы**–Маликова Маржан Сабыровна, «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» МКҚМ ОӘБ бойынша директор орынбасары (Алматы қ.);
2. **Шетелдік сарапшы** – Овчаренко Ольга Григорьевна, ФМББМ «РФ президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы» Омск филиалының оқу және әдістемелік жұмыс бойынша филиал директорының орынбасары (Омск қаласы, Ресей Федерациясы);
3. **Сарапшы**– Сулейменова Алия Зейнулгабденовна, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің оқу ісі бойынша директордың орынбасары (Жезқазған қаласы);
4. **Агенттіктен бақылаушы** – Бекенова Динара Каирбековна, ТЖКБ ұйымдарын аккредиттеу бойынша АРТА жоба жетекшісі (Нұр-Сұлтан қаласы);
5. **Жұмыс беруші** – Алимбетова Сандугаш Бурибековна, «Нұржаусын» балабақшасының меңгерушісі (Сарыағаш қ.);
6. **Студент** – Юсахметова Мохина Тохирқызы - Сарыағаш көпсалалы колледжі, 0101000 «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті (Сарыағаш қаласы).

## (III) БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН ТАНЫСТЫРУ

«Арыстанбаб» колледжі ЖШС 2003 жылдың 9 қыркүйегінде ашылды.

Колледж білім беру қызметін 19.10.2006 ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің бақылау Комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысының білім беру саласы бойынша бақылау Департаментімен берілген № 0038290 мемлекеттік лицензиясы негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша келесі мамандықтарда орындайды: 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 010500-«Бастауыш білім беру», лицензияға қосымша 31.03.2015ж., 24.08.2017ж.

Колледж құрылтайшысы, директоры болып биология ғылымдарының кандидаты, ауыл-шаруашылық ғылым докторы, жоғарғы санатты оқытушы Асанов Арслан Арынұлы болып табылады.

Колледж «Білім беру көшбасшысы - 2017» құрмет атағымен марапатталды.

Колледж СТ ҚР ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарға сәйкестік сертификаттарына ие. № KZ 7500207.07.03.00283 04.05.2018 жылдан 05.04.2021 жылға дейін.

Штаттық оқытушылардың жалпы санынан үлесі, жоғарғы, бірінші санатты және магистр оқытушылар үлесі ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылдың 17 маусымындағы № 391 «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» 16.11.2018ж. өзгертулер мен қосымшалар бұйрығымен сәйкес келеді.

БМ бойынша: 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 010101 3 – «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» 2018-2019 оқу жылында педагогикалық кадрлар саны – 31 адам, оның ішінде штаттық оқытушылар-29, оның ішінде штаттық

оқытушылар: жоғарғы санатты –7 адам, бірінші санатты –5 адам, екінші санатты –8 адам, санатсыз–9 адам, магистр–6 адам.

БМ бойынша: 0105000 «Бастауыш білім беру», 0105013–«Бастауыш білім беру мұғалімі», 0105033–«Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі», 0105061–«Тәрбиелеушінің көмекшісі» 2018-2019 оқу жылында педагогикалық кадрлары саны – 32 адам, оның ішінде штаттық оқытушылар -31 адам, оның ішінде штаттық оқытушылар: жоғарғы санатты –7 адам, бірінші санатты –4 адам, екінші санатты –11 адам, санатсыз –9 адам, магистр–6 адам.

Қазіргі таңда колледжде мамандарды даярлауды мемлекеттік тілде жүргізеді.

Білім беру сапасын жетілдіру үшін және жоспарлы ретте педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында педагогикалық, ғылыми-әдістемелік кеңестер, екі ОӘО жұмыс жасайды.

Аккредитацияланатын мамандықтар тұрғысында студенттердің жалпы контингенті төмендегі келесі кестелерде берілген:

**1-кесте.**

**«Мектепке дейінгі білім беру» ББ бойынша соңғы 5 жылдағы білім алушылар контингенті**

№ п/п	Оқу жылы	Барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2014-2015	164	61	35	64	
2	2015-2016	171	57	66	48	
3	2016-2017	171	20	33	63	55
4	2017-2018	167	55	50	62	
5	2018-2019	171	50	66	55	

**2-кесте. «Бастауыш білім беру» ББ бойынша**

№ п/п	Оқу жылы	Барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2014-2015	82		6	28	48
2	2015-2016	49		7	16	26
3	2016-2017	75		42	9	24
4	2017-2018	90	53	28	9	-
5	2018-2019	128	50	60	28	-

**3-кесте. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың саны**

	Білім алушылар саны	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
<b>0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»</b>	Білім алушылар – ҚР азаматтары	50	66	55	-
<b>0101013 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»</b>	Халықаралық/шетелдік білім алушылар				
<b>0105000 «Бастауыш білім беру»</b>	Білім алушылар – ҚР азаматтары	25	33	14	-
<b>0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі»</b>	Халықаралық/шетелдік білім алушылар				
<b>0105000 «Бастауыш білім беру»</b>	Білім алушылар – ҚР азаматтары	-	27	4	-

<b>0105033«Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»</b>	Халықаралық/шетелдік білім алушылар				
<b>0105000 «Бастауыш білім беру»</b>	Білім алушылар – ҚР азаматтары	25	-	-	-
<b>0105061 «Тәрбиелеушінің көмекшісі»</b>	Халықаралық/шетелдік білім алушылар				

**4-кесте. ББ бойынша бірінші курсқа түскен білім алушылардың саны мен жалпы білім алушылардың саны**

<b>Білім алушылардың саны</b>	<b>2015-2016</b>	<b>2016-2017</b>	<b>2017-2018</b>
<b>Бірінші жыл</b>	95/ -	108/ -	100/ -
<b>с.і. 010101 3 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігімен</b>	53	55	50
<b>с.і. 0105013«Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігімен</b>	42	28	25
<b>с.і. 0105033«Шетел тілінен бастауыш білім беру» біліктілігімен</b>	-	25	-
<b>с.і. 0105061 «Тәрбиелеушінің көмекшісі» біліктілігімен</b>	-	-	25
<b>Жалпы</b>	246/10	257	299
<b>с.і. 0101013«Мектепке дейінгі білім беру тәрбиешісі» біліктілігімен</b>	171/4	167/8	171/11
<b>с.і. 0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігімен</b>	75/6	59/16	72/1
<b>с.і.0105033«Бастауыш білім берудің шет тілі мұғалімі» біліктілігімен</b>	-	31	31
<b>с.і. 0105061 «Күтуші» біліктілігімен</b>	-	-	25

«Арыстанбаб» колледжі өзіне тиесілі екі ғимаратта орналасқан. Жалпы ауданы 3245 кв.м. құрайды. Спортзалы, акт залы, оқу залы, кітапхана, медпункт бар. Оқу бөлмелерінің саны – 38 құрайды, оның ішінде: 9 –зертханалар, сонымен қатар 2 заманауи лингафонды кабинеті бар.

Жыл сайын ғимараттарда жөндеу жұмыстары, жылу беру жүйесін ауыстыру жүргізіледі. Жаңа оқу жылына қарай аудиториялық фондты даярлау мен жөндеу жүргізіледі. Колледж ғимаратының шатырын толыққанды жөндеу жүргізілді.

Колледж қажетті компьютерлік техникамен қамтылған, ғаламтор желісіне қосылған. Колледждің үлкен тестілік базасы бар тестілеуді жүргізуге арналған 2 үлкен арнайы бөлмесі бар. Колледжде ортақ жергілікті сымды желі жасалған, сымсыз қосылатын құрылғыларды ғаламтор желісіне қосуға мүмкіндік беретін WI-FI желісі орнатылған. Колледж қызметкерлері мен білім алушыларының жоғарғы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін IP видеомониторинг жүйесі жұмыс істейді.

Колледж оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының ғаламтор желісіне қосылуының барлық мүмкіндіктері жасалған. Колледждің барлық компьютерлері жергілікті желіге жалғанған және 10МБ/С жылдамдықтағы кең-сызықты ғаламтор желісі арқылы ғаламторға қосылуына қол жеткізген, ғаламтор желісіне сымсыз қосылу қолжетімділігі үшін ақпараттық ғаламтор ресурстарына сымсыз жалғану үшін WI-FI жүйесі орнатылған бөлек ғаламтор-каналы бар.

Сырттан келген білім алушылар үшін 60 орындық жатақхана, 60 орындық асхана жұмыс атқарады.

Колледж мақсаттары, талаптары мен миссияларын және оның даму стратегиясын оңтайлы орындау мақсатында – штаттық кесте, колледждің ұйымдастырушылық құрылымы колледж директорымен жыл сайын қарастырылады және бекітіледі.

Колледждің негізгі әлеуметтік серіктестері болып келесілер табылады:

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Мамандық</b>
1	ЖШС «Ару-Барс» бөбекжай балабақшасы	Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие
2	ЖШС «Ақбота» бөбекжай балабақшасы	
3	ЖШС «Амангелді Батыр» бөбекжай балабақшасы	
4	ЖШС «Самат-Сүндет» бөбекжай балабақшасы	
5	ЖШС «Шалқан» бөбекжай балабақшасы	
6	ЖШС «Сержан» бөбекжай балабақшасы	
7	ЖШС «Ханзада мен Ханшайым» бөбекжай балабақшасы	
8	№5 Исмаилов атындағы ЖОМ	Бастауыш білім беру
9	№4 Ю.Гагарин атындағы ЖОМ	
10	№141 ЖОМ	
11	№1 М. Әуезов атындағы ЖОМ	
12	О. Сулейменов атындағы ЖОМ	

#### IV. ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ЖШС «Арыстанбаб» колледжіне ССК келуі колледж директоры мен ҰҰ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» директорымен бекітілген бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылған.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында бағдарлау жиналысы жүргізілді, оның барысында комиссия мүшелері арасындағы өкілдіктер үлестірілді, келу кестесі бекітілді, зерттеу әдістерін таңдау сұрағында келісімге келді.

ССК бағытталған топтармен кездесуі бекітілген уақыт аралығын ұстана отырып, нақтыланған кездесу бағдарламасына сәйкес өтті. ЖШС «Арыстанбаб» колледжі ұжымы тарапынан кездесу бағдарламасында көрсетілген қатысушылардың отырысы қамтамасыз етілді.

Кездесу барысында бағытталған топтармен жұмыстан басқа оқу аудиторияларды колледж оқытушылары мен білім алушылары, түлектер мен жұмыс берушілері, колледж басқармасы мен қызметкерлерімен әңгіме жүргізілді.

**АРТА ССК кездесулеріне қатысқан білім алушылар мен қызметкерлер туралы ақпарат:**

Қатысушы санаты	Саны
Директор	1
Директор меңгерушісі	3
Бөлім меңгерушісі	1
ХАО меңгерушілері	2
Оқытушылар	11
Қызметкерлер	2
Студенттер	51
Түлектер	8
Әлеуметтік серіктестер	8
Білім алушылардың ата-аналары	15
<b>Барлығы</b>	<b>102</b>

ССК жұмысы кезінде колледж инфрақұрылымының визуалды бақылауы жүргізілді: оқу кабинеттері, зертханалар, шеберханалар, оқытушылар бөлмесі, компьютер сыныптары, лингафон кабинеттері, кітапхана, оқу залы, спортзалы, акт залы, асхана.

Сонымен қатар аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ХАО меңгерушілерінің, бөлім меңгерушісінің құжаттамалары зерттелді. Аккредитацияланатын бағдарламалардың тәжірибелік базаларына барды: ЖШС «Ақбота» бөбекжай балабақшасы, ЖШС «Ару Барс» бөбекжай балабақшасы, №5 С.Ысмаилов атындағы ЖОМ КММ, №1 М.Әуезов атындағы мектеп – гимназия.

Тәжірибе базаларына барған кезде әлеуметтік серіктестер мекеме қызметі туралы және өндірістік тәжірибені өткізу сапасы туралы таныстыруды жүргізді, мысалы:

1. ЖШС «Ару Барс» бөбекжай балабақшасы (05.11.2018ж № 376 оқу және өндірістік тәжірибені өту туралы келісім-шарты)- директор Абилова Р.С. балабақша ішімен экскурсия жүргізді, материалдық-техникалық базамен таныстырды, меңгеруші Лесбекова Г.С. ССК мүшелерінің назарын тәжірибені өту нұсқаулықтары өтетін, студенттердің өзіндік тапсыраларының орындалуы мен өткізілген сабақтардың талдауы жасалатын арнайы жердің болуына аударды, ССК-ы студенттердің тәжірибені өту шарттарымен және ережелерімен, тәжірибенің өтілуіне регламент белгілейтін құжаттармен таныстырды. Бұл ұжымда ЖШС «Арыстанбаб» колледжінің 5 түлегі жұмыс істейді, оның ішінде тәрбиешілер Азимова Р., (2016ж. түлегі), Дюсебаева У (2016ж. түлегі), Бекзат Г (2017ж. түлегі).

2. ЖШС «Ақбота» бөбекжай балабақшасы (05.11.2018 № 377 оқу және өндірістік тәжірибені өту туралы келісім-шарты) –директор Б.С. Есембекова, балабақша меңгерушісі Мусагулова П. экскурсия жүргізді, материалдық-техникалық базамен таныстырды. Мусагулова П. ССК мүшелерінің назарын дуалды білім берудің жақсы жақтарына мән бере отырып оқу және өндірістік тәжірибелерді өткізу ретін түсіндірді (01.09.2017 № 189 дуалды білім беру жүйесі бойынша мамандарды даярлау туралы келісім-шарт).



Мусагулова П. сонымен қатар МАК мүшесінің бірі болып табылады, түлектерді даярлау сапасын сипаттай отырып, өндірістік тәжірибені 26.11.2018ж.- 03.03 2019ж. дейін өткен Исаев Г., Сулеймен А. (БСО-16.11к тобы) студенттерін жауапкершілігі мол студенттер деп және еңбек жолдарын бастауға даярлықтарын атап кетті, колледждің балабақшаны дамытуда қосатын үлесі туралы айтты және колледж студенттері мен түлектерінің жұмыстарын көрсетті. Балабақшада «Арыстанбаб» колледжі ЖШС түлегі жұмыс істейді: күтуші Самдимбекова Ж. (2018ж. түлегі).

3. №5 С.Исмаилов атындағы ЖОМ КММ (05.11.2018 № 385 оқу және өндірістік тәжірибені өту туралы келісім-шарты) - директор Ниеталиева З.Т. тәжірибе базаларына алып барды, оқу және әдістемелік тәжірибелердің осы мектеп қабырғасында жүретінін айтты. Мектепте тәжірибені өткізуге жауапты мұғалімдер Калмуратова Г., Кабылбекова А. таныстырды, олар колледж студенттерінің даярлығына келесідей баға берді: бағдарламалық материалдарды білуі, білімдерін тәжірибеде қолдану. Бұл мектепте «Арыстанбаб» колледжі ЖШС түлектері Жуматаева Д. (2017ж.түлегі), Алимкулова А.(2016.түлегі), Масакбаева Л. (2016ж.түлегі), Абуталипова Г. (2018ж.түлегі) және де басқалары жұмыс істейді.

4. №1 М.Әуезов атындағы мектеп-гимназия (05.11.2018 № 394 оқу және өндірістік тәжірибені өту туралы келісім-шарты) – бастауыш сыныптар бойынша директордың орынбасары Акпанова Г.Ж. өндірістік тәжірибені өткізу мен ұйымдастыру бойынша құжаттармен таныстырды: тәжірибенің жұмыс бағдарламасы, тәжірибені ұйымдастыру келісім-шарты, тәжірибені жүргізудің күнтізбелік кестесі; студенттердің тәжірибені өту нәтижелерімен, практикант-студенттермен жүргізілген сабақтар сапасы туралы хабарлады.

Барлық тәжірибе базаларында өндірістік тәжірибенің жүргізілу ерекшеліктерін айқындайтын «Арыстанбаб» колледжінің стендтері бар.

ССК мүшелері аккредитацияланатын білім беру бағдарламалары бойынша оқыту сабақтарына қатысты.

МДТ-16-9к тобының (0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы) «Білім беру технологиясы және әдістемесі» пәні бойынша «Қағаздар түрі және картон» тақырыбындағы сабағына кірді. Бұл пәнді екінші санатты мұғалім Жанабаева Л. жүргізді, сабаққа 20 дан 20 студент қатысты. Оқыту сабағы логикалық қойылған, сабақ кезеңдері ұстанылды, жаңа тақырыпты түсіндіру мультимедиялық презентациялар көмегімен жүзеге асты. Мұғалім түрлі тәртіптерді қолданды: ойын тәртібі, жеке сауалнама, фронталды сауалнама. Студенттер белсенді қатысып отырды, яғни мәселелі қойылған сұрақтарға жауап беріп, талқылауды белсенді жүргізді. Бағдарламалар күнтізбе жоспарына толықтай сәйкес келді.

МДТ-18-11к тобының (0101000 – «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбие» мамандығы) «Қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру әдістемесі» пәні бойынша сабағына кірді. 25 студенттің 23 қатысты. Екінші санатты мұғалім Жанабаева Л «Геометриялық фигураларды ажыратуға, конструкциялар дағдысын дамытуға, интеллектуалды операциялар мен логикалық ойларын дамыту» тақырыбында оқу жылындағы алғашқы сабақты жүргізді. Сабақ заманауи техникалық құралдарды пайдаланумен жүргізілді, тәжірибелік бағытта болды. Түрлі амалдар мен оқыту тәсілдері қолданылды.

БСО-17-11к тобының (0105000 – «Бастауыш білім беру» мамандығының) «Қоғамтану және өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі» пәні бойынша сабағына кірді. Сабақты бірінші санатты мұғалім Байкутова А. жүргізді. Сабақта 25 студенттің 23 қатысты. Оқыту түрі – дәріс. Оқу-танымдық қызметін жүзеге асыру мен ұйымдастыру әдістері қолданылған: ауызша, индуктивті, дедуктивті. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалім студенттердің ойлау қызметін жандандырып отырды, сабақтың ПӘК-і жоғары болды. Сабақтың жоспары толықтай күнтізбелік-тақырыптық жоспармен және бағдарлама мазмұнымен сәйкес келді.

Сабаққа қатысу талдауы сапалы оқытушылар құрылымы, оқыту сабақтары мазмұнының білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігі туралы куәландырады. Сабақтарда оқытушылар оқытудың заманауи технологияларын қолданады. Колледждің

оқытушы құрамының қызметіне жасалған талдау ұжымның, колледждің сапалы дамуына қосатын үлесін айқындайды.

Кластердің білім беру бағдарламалары лицензиялы және біліктілік талаптарына сай. Заңнамада жазылған және колледждің өзіне-өзі талдауында жазылған нормалары ССК кездесуі кезінде расталды. Білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім беру технологиялары нормативтерге сәйкес, халықтың сұранысына бейімделген және өзгеріп отыратын шарттарға сәйкес кезеңді түрде жаңарып отырады.

## V. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

### 5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

- ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірледі, оның мемлекеттің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді.
- ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарының бар ресурстарға, еңбек нарығындағы талаптарына және ҚР білім беру саясатына бара-барлығын қамтамасыз ету керек.
- ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалар, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді ББ дамыту жоспарын құрастыруға жұмылдыруы қажет.
- ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын құрастыру процесстерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспары мазмұны мен оны құрастыру процесстері туралы мүдделі тұлғадалардың ақпараттануын қамтамасыз етеді.
- ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын уақытылы қайта қарастыру мен құрастыру механизмдерін және оны жүзеге асыру мониторингін анықтау қажет.
- ТжКБ ұйымы ББ жүзеге асыру туралы ақпаратты талдайды, жинастырады, жинақтайды және барлық бағыттар бойынша өзіндік талдауын жүргізеді, ББ дамыту жоспарын қайта қарастырады.
- ББ дамыту жоспары мүдделі тұлғалардың тараптарынан барлық уәкілдерімен жұрт алдында талқылаудан өтеді, ұсыныстар мен түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының заңдастырылған алқалы органы жобаға өзгертулер енгізді.
- ТжКБ ұйымы қаржыландыру жүйесінің тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, айқындылық, жауапкершілік, өкілеттіліктерді табыстау, ажырату мен өзінділігі принциптерін жүзеге асыру деңгейлерін көрсетеді.
- **ББ басқару келесілерді қамтуы тиіс:**
  - процесстер арқылы қызметті басқару;
  - жоспарлау, даму және тұрақты жақсарту механизмдері;
  - мониторинг, жоспарды жасау мен жүзеге асырудағы динамиканы анықтайтын есептік процесстерді жасауды қамтитын;
  - өзгертулер тиімділігін талдауы;
  - бөлімшелер қызметі тиімділігі мен нәтижелілігіне және олардың өзара қатынасына баға беру».
- ТжКБ ұйымында ББ жүзеге асыруды белгілейтін барлық негізгі бизнес-процесстер құжаттанылуы тиіс.
- ТжКБ ұйымы бизнес-процесстерге жауаптыларды нақты анықтауды, персоналдың қызметтік міндеттерін бірден таратуы, ББ жүзеге асыруға қатысатын өкілдік органдар функцияларын ажыратуды көрсетуі керек.
- ТжКБ ұйымы процессті бекітетін құжаттар мен білім беру бағдарламаларының мониторингін, жүйелі рецензиялауын (қайта қарастыру), бекіту кезеңдерін көрсетуі керек
- ТжКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандыру жүйелері мен кері байланыстың тиімді жұмыс істеуі мен болуын қамтамасыз етуі керек.
- ТжКБ ұйымы жоспарлануын, бақылауы мен мониторингін, оларды жақсартуын, фактілер негізінде шешім қабылдауды қамтитын ББ сапасын қамтамасыз ететін жүйенің ойдағыдай жұмыс істеуін көрсетуі керек.
- ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасының басқару жүйесінің айқындығы дәлелдерін ұсынуы қажет.
- ТжКБ ұйымы ББ басқару жүйесінде статистиканы талдау және жинау жүйесін қарқынды қолданудың дәлелдерін және бар болуын көрсетуі керек.
- ББ басқармасы педагогикалық ұжым, қызметкерлер мен білім алушылардың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы деңгейін өлшеуді қамтамасыз етуі керек және өлшеу кезінде анықталған қателіктерді жою дәлелдерін көрсетуі керек.

- ББ басқармасы білім алушылар, педагогикалық ұжым мен ата-аналар үшін ашықтығын және қолжетімділігін көрсетуі тиіс.

### *Дәлелдеу бөлімі*

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандықтары білім беру бағдарламалары МЖБС мен ТОО талаптарына сәйкес келеді. Білім беру бағдарламалары келесілерді қамтиды: оқу жұмыс жоспары, күнтізбелі-тақырыптық жоспар, оқу және өндірістік тәжірибелер бағдарламасы, оқу процесі кестесіне сай оқу-әдістемелік кешендер. Осы құжаттардың барлығы ССК назарына берілді. Даярлау бағдарламасы миссияға сәйкес қойылған талаптарды орындауға бағытталған және қажетті ресурстарға ие: базалық білімі бар кадрлық потенциал, материалды-техникалық база (қажетті құрылғылармен қамтылған кабинеттер, компьютер сыныптары, БТҚ және басқалары), тәжірибе базаларымен келісім-шарттар т.с.с.

0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту », 0105000 «Бастауыш білім беру» білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарлау жүйесі арқылы жүзеге асады. Білім беру бағдарламаларын басқару кезінде келесі жоспарлау механизмдері қолданылады:

- ұзақ мерзімді жоспарлау білім беру бағдарламаларын дамытудың стратегиялық мақсаттарын орындауға бағытталған;

- қысқа мерзімді жоспарлау өзіне үш деңгейді қамтиды.

Колледж деңгейінде қысқа мерзімді жоспарлау «Арыстанбаб» колледжінің сапа аумағындағы мақсаттармен кеңесу органдарының жұмыс жоспарларымен, бағыттар бойынша жылдық жоспарлармен ұсынылған.

Білім беру бағдарламаларын дамытуды жоспарлау құрылымдық бөлімдері деңгейінде бөлімшелер, ОӘО мақсаттарында көрініс табады.

Жеке деңгейде жоспарлау оқытушылардың жеке жоспарларымен ұсынылған.

Колледждің барлық процесстері мен шаралары жетілген білім беру сапасының деңгейін дамытуға және қолдауға арналған. Бұны студенттердің оқу жетістіктерінің тұрақтылығы, түлектердің ББ тануы және олардың кәсіби қызметінің сапасы, олардың мансаптық өсуі куәландырады.

Колледж барлық қызметтерінің мониторингін жүргізу мақсатында келесі әдістерді қолданады: колледждің ішкі бақылауын жүргізу; сапаны қамтамасыз ету саласында талаптарды орындаудың талдауы; студенттерге, оқытушыларға және жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу; студенттер білім деңгейін бағалау; процестер талдауын жүзеге асыру үшін ақпаратты жинау; қызметтерді жақсартуға бағытталған ұсыныстарды тіркеу.

Қабылданатын шешімдерді бағалауды жүргізу және білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту мақсатында колледжде тұтынушылық мониторинг жүйесі жұмыс істейді. Білім беру бағдарламаларының шеңберінде келесі сауалнамалар ұйымдастырылған:

- білім беру бағдарламасының сапасымен студенттер мен түлектердің қанағаттандырылуы;

- «Оқытушылардың қанағаттандырылуы» сауалнамасы;

- «Мамандарды даярлау сапасымен жұмыс берушілердің қанағаттандырылуы» жұмыс берушілер сауалнамасы.

Білім беру процесінің сапасымен білім алушылар мен түлектердің қанағаттандырылу деңгейін анықтау үшін колледжде сауалнама жүргізілді. Онда 210 (70%) студент, 38 (72%) түлек сұралды.

Зерттеулердің нәтижесі бойынша төмендегілер анықталды:

- Студенттердің білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сапасымен қанағаттандырылуы (білім беру жағдайы, білім беру процесі сапасы, білім беру нәтижелері сапасы) -4,1 баллды құрады;

- Түлектердің білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сапасымен қанағаттандырылуы - 4,2 баллды құрады.

Мұғалімдердің пәндерді жүргізу деңгейі мен сапасын анықтау мақсатында студенттердің арасында «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы жүргізілді. Студенттерге сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша колледжде пәндерді жүргізу деңгейі мен сапасы жақсы бағаланды - 86%.

Оқытушылардың қанағаттандырылуы деңгейін анықтау мақсатында 31 адам қатысқан сауалнама жүргізілді.

Колледж бойынша қызметкерлердің қанағаттандырылу нәтижелері келесідей:

- ББ басқаруда қызметкерлердің қатысуы - 97,6%;
- Жұмыскерлер потенциалын дамыту - 98,4%;
- Ұжымдағы психологиялық ахуал - 100%;
- Әлеуметтік сұрақтар - 96,2%;
- Ұжымның жалпы беделі - 100%.

Жалпылай қызметкерлердің қанағаттандырылуы – 98,4% құрайды.

Сауалнама нәтижесі бойынша қанағаттандырылу деңгейінен басқа қызметтер бағыттарына сәйкес жоспарларды реттеу бойынша шешімдер қабылданады. Сонымен қатар алынған деректер оқытушылардың аттестациядан және конкурстан өтуі кезінде ескеріледі.

ССК келуі барысында 28 студент пен 5 оқытушыға сауалнама жүргізілді. Алынған деректер барлық студенттердің (97,8%) білім беру бағдарламасын жүзеге асыру деңгейімен және жасалған өзіндік даму жағдайымен толықтай қанағаттандырылатынын көрсетеді. Оқытушылардың көбісі (69,2%) кәсіби дамуға жасалған жағдайлармен қанағаттандырылған, ұжымдағы қолайлы микроклиматты растайды (53,8% жақсы, 46,2% өте жақсы).

Білім беру бағдарламалары мен қабылданған шешімдер туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға сайт арқылы, басқарманың білім алушылармен, ата-аналармен кездесуі кезінде, жаппай ақпарат құралдарындағы, теледидардағы сұхбатында беріледі.

ССК директорымен, директор орынбасарларымен, ХАО меңгерушілерімен, студенттермен, педагогикалық ұжыммен, жұмыс беруші ұжым өкілдерімен, ата-аналарымен және тұлғалармен әңгіме және сауал жүргізе отырып, студенттер мен оқытушыларға сауалнама жүргізе отырып, білім беру бағдарламасының жетістігі білім беру бағдарламасын дамыту жоспары мен мақсаттарын тиімді, мақсатты бағытталған және жоспарлы жүзеге асырылуы арқылы анықталатынын айта кетеді.

#### ***Талдау бөлім***

Ұйым колледждің стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру мен әзірлеуді көрсетеді. Бұл процесте білім алушылар, педагогикалық ұжым қатысады. Қабылданған шешімдер туралы ақпараттар ата-аналарға, жұмыс берушілерге уақытылы жеткізіледі. Сұхбат, тілдесу, сауалнама жүргізу негізінде мүдделі тұлғалардың жоспардың құрамы мен оны әзірлеу нәтижелері туралы қажетті ақпараттылығы анықталды.

Ақпарат көзі ретінде колледж сайтында педагогтың білім берудің инновациялық технологиялары мен интерактивті формаларын енгізу жұмыстары берілген.

АРТА ССК сапары қарсаңында оқытушыларға жасалған сауалнама басқару және стратегиялық шешімдерді қабылдау процесіне – өте жақсы – 61,5%, жақсы – 30,8%, екенін көрсетті, бұл жалпы 92,3% құрайды.

#### **ББ бағдарламаларының мықты жақтары болып табылады:**

-05.04.2018ж. - 05.04.2021ж. дейін ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» № kz 7500207.07.03.00283 талаптарына сай сертификаттың бар болуы;

- бизнес-процесстерге жауаптылар нақты анықталған, қызметкерлердің міндеттерді біртұтас таратылған.

#### ***ССК ұсыныстары;***

- Білім алушыларға, жұмысшыларға және мүдделі тұлғаларға бағытталған кері байланыс пен ақпараттандыру жүйелерінің эффективтілігін қамтамасыз ету;

- стейкхолдерлер қызығушылығын ескере отырып білім беру бағдарламаларындағы өзгерістер эффективтілігін талдау мен құрамын жаңарту бойынша жұмыстары жүйелендіру.

***ССК колледждің бұл стандарт бойынша мамандандырылған профилі 7 мықты,***

13 қанағаттандырылған, 2 жақсартуды талап ететін позицияны құрайды.

5.2. «Білім беру бағдарламасы ерекшеліктері» стандарты

• ТжКБ ұйымы білімі, қабілеті, дағдысы, негізгі және кәсіби құзіреті, даралық қасиеттері бар білім беру бағдарламасының түлегінің жасалған модельдерін көрсетуі тиіс.

• ТжКБ ұйымы ББ даярлауда, оның сапасын қамтамасыз етуде педагогикалық ұжымның және жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуі тиіс.

• ТжКБ ұйымы оқу пәндері байланысының логикасын, көлемін, мазмұнын анықтауы тиіс, сонымен қатар өндірістік оқу және кәсіби тәжірибе пәндерінің түлектердің негізгі және кәсіби құзіретін құрауға әсерін анықтауы тиіс.

• ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мән-мәтіннің болуын көрсетуі тиіс.

• ББ басшылығы теориялық және тәжірибелі-бағытталған пәндер арасындағы эффективті баланстың бар болуын көрсетуі тиіс.

• Пәндер тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді боулы тиіс. Пәндер оқыталатын аумақта қамтылатын барлық сұрақтар мен мәселелерді жете баяндауы тиіс.

• Білім беру бағдарламасының құрылымында білім алушылардың олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып негізгі және кәсіби құзіретін дамытуға жұмылдырылған жұмыстардың барлық түрін қарастыруы тиіс.

• Маңызды фактор болып жұмыс берушілердің көзқарастарын ескере отырып білім беру бағдарламаларының жасауы табылады.

Бағалау өлшемдері: ББ жекелендіру.

• ББ басшылығы білім алушыларға бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде білім алу тіліне тәуелсіз түрде.

• ББ басшылығы жеке көмек және білім алушыларға білім беру процесі сұрақтары бойынша кеңес беру жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін және бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.

• Басқарма ББ тиімді меңгеру шарттарын жасайды.

• ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде білім алушылардың артықшылықтары, жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мәдени тәжірибесін қолдануды көрсетуі тиіс.

• ББ басшылығы ББ жүзеге асыру кезінде білім алушылардың жеке қолдауын көрсетуі тиіс..

• ББ басшылығы білім алушылар жетістіктері артында бақылау жүйесінің бар екенін көрсетуі тиіс.

Бағалау өлшемі: білім алушылар нәтижелерін бағалау.

• ББ басшылығы оқу нәтижелерінің объективті, нақты және жеткілікті бағалау механизмінің тиімді жұмыс істеуі мен бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.

• ББ басшылығы білім беру нәтижелері бағасының объективтілігін және білім алушылардың негізгі және кәсіби құзіретін құрастыру деңгейін, оларды бағалау құралдарының және механизмдерінің айқындығы мен барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс.

• ББ басшылығы білім алушылардың білімі, қабілеттері мен икемдерін бағалау шараларының бағдарламаның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

• ББ басшылығы курс бойынша білім берудің басында және оқыту пәндерін өту кезінде білім алушылардың білімі, қабілеттері мен икемдерін талдауы тиіс.

• Білім беру нәтижелерін бағалау өлшемдері мен процесстері айқын болуы тиіс.

• ББ басшылығы білім алушыларда келесі білім беру деңгейлерінде оқытуды жалғастыру үшін икемдерін қалыптастыруды қамтамасыз етуі қажет.

**Бағалау өлшемдері: білім беру әдістемесі.**

• **ББ басқармасы белсенді білім беру әдістері мен инновациялық оқыту әдістердің жүйелі дамуын, енгізілуін және тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.**

• **Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде білім алушының өзіндік жұмысының мониторингі жасалуы тиіс.**

• **ББ басқармасы білім алушылардың мамандығы/біліктілігі бойынша кәсіби тәжірибенің және өндірістік оқытудан өтуі мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс және білім алушылар, тәжірибе орындары мен жұмыс берушілер - мекеме жетекшілері қанағаттандырылуы бақылауын өткізуі тиіс.**

• **ББ басқармасы оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерін білім беру процесіне енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.**

### **Дәлелдеу бөлімі**

Сарапшы топпен оқу жұмыс жоспарларының талдауы мен олардың мазмұнын жетілдіру бойынша бағдарламаларға талдау жасалды. Колледждегі оқу жұмыстары ҚР БҒМ ТЖКБ ұйымдарының қызметін ұйымдастыру бойынша нормативті-құқықтық актілерімен сәйкес орындалады.

ББ жүзеге асыру мамандықтар бойынша пәндердің оқу-әдістемелік кешені негізінде, барлық оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер жасалған, өзіне келесілерді қамтитын «Пәннің оқу-әдістемелік кешені» Ережесі жүзеге асырылады: теориялық және әдістемелік сабақтардың әдістемелік зерттемелері, дәрістер тезистері, таныстырымдар, тәжірибелік сабақтарға әдістемелік нұсқаулықтар, өлшеуіш-бақылау құралдары (тест тапсырмалары, бақылау сұрақтары және т.б.).

Білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарлары мазмұны жалпы білім беру, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіби, арнайы пәндер циклін оқытуды қамтиды. Оқу жоспарлары мен бағдарламалары мазмұны мен құрылымы оқу материалының логикалық аяқталған бірлігін құрайтын ақпараттар блогын, қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін, яғни білім алушылардың білім, қабілетті меңгеруіне арналған жағдайларды жасау, әрекеттердің бағытталған бағдарламасын және әдістемелік нұсқаулықты қамтиды, сонымен қатар болашақ мамандыққа қажетті қарым-қатынас/әрекет етуді құрастыруды қамтиды.

Жалпы құзыреттерді меңгеру келесілерді қамтиды: жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық құзыреттер, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттер; әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді орындауға, білім беру деңгейіне сәйкес географиялық және әлеуметтік мобильдікті орындауға дайындық. Кәсіби құзыреттіліктерді иемдену түлектерге қызметтерінің кәсіби түрлеріне сәйкес еңбек функцияларын орындауға дайын болуларына мүмкіндік береді.

Білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру оқу жоспарларының негізінде жүзеге асады. Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары, оқу процестерінің кестелері жұмыс берушілер талаптарына сай типтік оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары негізінде орындалады. Мамандықтар бойынша оқу жұмыс бағдарламалары мен КТЖ саны типтік оқу жоспарының пәндер тізіміне сәйкес келеді.

Әр мамандық бойынша ББ ерекшелігі түрлі сәйкес сала ұйымдарында жұмыс істеу барысында алдына қойылған міндеттерді орындауға икемді маманды даярлауға қойылған міндеттерді анықтайды. ББ заманауи және болжанған маман моделі (маманның жеке басы моделі, маманның еңбек қызметі моделі, маман біліктілігі моделі) негізінде жасалатын түлек моделін көрсетеді.

Түлек моделі жеке қасиеттері, қабілеттері, мінезі тұстары, интеллектісінің даму ерекшелігі, қабылдау, дүние көзқарасы мен дүниетанымы құрылымын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар білім алушылардың жеке білім алу шеңберін дамыту жолдары мен мақсаттарын болашақта қажетті болатын білімі, қабілеті мен икемі көлемі арқылы анықтау.

Барлық оқу жұмыс бағдарламалары оқытушылармен жасалған, жұмыс берушілермен келісілген, жүйелік әдістемелік комиссиялар отырыстарында мақұлданған

және колледж жетекшілігімен бекітілген.

Барлық тәжірибелерге арналған оқу жұмыс жоспарлары арнайы пәндер мұғалімдерімен жасалады және жұмыс берушілермен келісіледі және колледж жетекшілігімен бекітіледі.

Теориялық және тәжірибелік сабақтар берілетін біліктілігіне сәйкес тәжірибелік қабілеттер мен кәсіби құзыреттерді алуға бағытталған. Оқу пәндерінің мерзімі, мазмұны, көлемі, өзара байланысы оқу жұмыс жоспарларымен, оқу барысы кестесімен және оқу жұмыс бағдарламаларымен анықталады.

Кәсіби тәжірибе келісім-шарт негізінде жұмыс берушілермен қамтамасыз етілген сәйкес ұйымдарда, жұмыс орындарында орындалады, және де білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін құруға бағытталған.

Тәжірибелік даярлық (білім беру ұйымдарымен анықталатын пәндер, жалпы кәсіби және арнайы пәндер бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтар, кәсіби тәжірибе, курстық және дипломдық жобалар) міндетті білім берудің оқу уақыты жалпы көлемінен (жалпы білім беру және әлеуметтік-экономикалық пәндерді есептемегенде) шамамен 40 % сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламалары міндетті пәндермен қатар білім беру ұйымымен анықталатын пәндерді, факультатив сабақтарын және консультацияларын қамтиды. Консультациялар мен факультативті сабақтар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жеке қабілеттері мен сұраныстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Колледжді аяқтаған кезде барлық мамандықтар үшін мемлекеттік үлгідегі Диплом табысталады.

Мекемелердің жетекші білім беру ұйымдарында тәжірибеден өткен білім алушылардың сипаттамасы мен мамандарды даярлау сапасы туралы айтылған пікірін талдай отырып білім алушыларда еңбек жұмысына қатынас ұғымының, белсенді өмірлік ұстанымдарының, еңбек нарығында сұранысқа ие болуына, бәсекеге қабілеттілігі, болашақ кәсіби жұмысындағы өзіндік дамуы әсер ететін жақсы кәсіби білімдерінің жетілгені туралы қорытынды шығаруға болады.

#### ***Аналитикалық бөлім***

АРТА ССК сауалнама жүргізу барысында келесі анықталды:

- студенттердің 97,8% курстар, білім беру бағдарламалары мен академиялық деңгей туралы ақпараттанумен қанағаттандырылатыны;

- студенттердің 95,6% курс бағдарламасының ұсынылымының айқындылығымен тұтастай қанағаттандырылатыны;

- студенттердің 97% колледждің қолда бар оқу ресурстарымен толықтай қанағаттандырылатыны;

- студенттердің 91,1% білім беру нәтижелерін бағалаумен толықтай қанағаттандырылатыны.

«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандартын талдай отырып білікті мамандарды кәсіби даярлау көбінесе білім беру деңгейінің біліктілік шеңберіне және еңбек нарығы талаптарына сәйкес келетін сапалы білім беру бағдарламаларына тәуелді екенін айтып кетуге болады.

#### ***Мықты тұстары***

- оқу пәндерінің мазмұны, көлемі, байланыс логикасы, оқу пәндерінің, өндіріс тәжірибесінің түлектердің кәсіби құзыреттілігін жасауға әсері;

- теориялық және тәжірибелі - бағытталған пәндер арасындағы эффективті баланстың бар болуы;

- студенттердің жеке қолдауының бар болуы.

#### ***ССК ұсыныстары***

- Тәжірибе жүргізетін адамдарды жұмысқа тарту мүмкіндігін қарастыру және олар оқитын арнайы пәндердің үлесін білім беру бағдарламаларының сапасы деңгейін жақсарту үшін анықтау;

- Білім беру бағдарламасы түлегінің моделін еңбек нарығының аудандық



қажеттіліктерін дамыту ерекшеліктерін ескере отырып дамыту;

– Қатаң есеп құжаттарын жүргізу талаптарының Қазақстан Республикасының заңнамалары талаптарына сәйкес жүргізілуін қадағалау (ҚР БЖҒМ 23.10.2007ж. № 502 бұйрығы).

*ССК колледждің берілген стандарт бойынша мамандандырылған профили 8 мықты позицияны, 14– қанағаттындырылған позицияны, 2 жақсартуды талап ететін позицияны құрайтынын белгілеп кетті.*

### *5.3. «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты*

• *Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында ББ басшылығы тәжірибешілерді жұмылдыру қажет және олар оқитын пәндердің мөлшерін анықтауы тиіс.*

• *ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім беру барысында ылғи инновациялық технологияларды қолдануға ынталандыруы керек.*

• *ББ басшылығы педагогикалық ұжымның біліктілік талаптарына және ББ ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.*

• *ТЖКБ ұйымы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімділігін көрсетуі керек.*

• *ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтар біліктілігін жүйелі түрде бағалауды, сабақ беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.*

• *Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызметтер түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрінің педагогтармен орындалуы дәлелдерін көрсетуі тиіс.*

• *ББ басшылығы жас педагогтарды дамыту бойынша бағытталған әрекеттерді қамтамасыз етуі тиіс.*

• *ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіптік және жеке дамуын ынталандыру механизмдерін көрсетуі керек.*

• *ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қанағаттандырылу мониторингін қамтамасыз етуі керек.*

• *ББ басшылығы педагогикалық ұжым мүшелерінің ақпараттық технологиялар біліктілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек.*

• *Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.*

### *Дәлелдеу бөлімі*

Колледждің кадрлық саясаты білім беру процесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету мақсатындағы тәжірибелік қызметтерде қолданылатын жолдармен мақсаттарға жету тәсілдерін жетілдіруге бағытталған. Осы тұрғыда колледж кадрларды даярлау мен таңдау процестеріне үлкен көңіл бөледі, атап айтқанда жұмыскерлерді жұмыс алу мен таңдау олардың базалық кәсіби білімдерін, тәжірибелік білім-білік дағдыларын ескере отырып қабылдайды.

Колледжде Жарғы, ішкі (еңбек) тәртіп ережелері, құрылымдық бөлімдер туралы Заңдар, колледж қызметкерлерінің қызметтік міндеттері жасалған және бекітілген.

Оқытушылар құрамының саны колледж студенттерінің контингентімен сәйкес басшылықпен бақыланады және ҚР «Білім беру туралы» Заңдарымен 100% сәйкестікте орындалады.

ББ бойынша: 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 010101 3 –Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» 2018-2019 оқу жылындағы педагогикалық кадрлар саны – 31 адамды құрайды, соның ішінде штаттық оқытушылар саны -29 адам. Олардың: жоғарғы санаттысы –7 адам, бірінші санатты –5 адам, екінші санатты –8 адам, санатсыз–9 адам, магистр–6 адам.

ББ бойынша: 0105000 «Бастауыш білім беру», 0105013–«Бастауыш білім беру мұғалімі», 0105033–«Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі», 0105061–

«Тәрбиелеушінің көмекшісі» 2018-2019 оқу жылындағы педагогикалық кадрлар саны – 32 адамды құрайды, соның ішінде штаттық оқытушылар саны -31 адам. Олардың: жоғарғы санаттысы –7 адам, бірінші санатты – 4адам, екінші санатты – 4адам, санатсыз– 9 адам, магистр – 6 адам.

Білім беру бағдарламасының оқытушылары мен қызметкерлерімен жұмыс жасағанда бастапқы мақсат олардың кәсіби және жеке өсуіне жағдайлар жасау болып табылады. Бұған оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесін құруға бағытталған шаралар кешенін дамыту, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын және колледждің жағымды әлеуеттік ортасын құруды қамтамасыз етуі, оқытушылар мен қызметкерлер қызметін материалды ынталандыру жүйесін дамыту көмектеседі.

Аккредитацияланатын ББ бойынша педагогикалық ұжымның кәсіби-біліктілік деңгейіндегі қажеттілігі білім алушылардың бағыттары мен лицензиялық талаптары арқылы анықталады. Аккредитацияланатын ББ дамыту үшін сәйкес профиль бойынша кәсіби білімі бар, біліктілігі деңгейі аккредитацияланатын ББ ерекшелігіне сәйкес келетін тұлғалар жұмылдырылады. Барлық оқытушылардың оқытылатын пәндеріне сәйкес базалық білімдері бар. КПК жұмысқа алу мен таңдау базалық біліміне және тәжірибелік жұмысы тәжірибесіне қарай орындалады.

Жалпы ББ барлық оқу мерзіміне білікті оқытушылар құрамымен (штаттық кестеге сәйкес) жинақталғанын белгілеуге болады.

Педагогтардың кәсіби құзыреті деңгейі түрлі білім беру түрлерімен ылғи артып отырады: республикалық және облыстың біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, ғылыми– теориялық және ғылыми–тәжірибелік конференциялар.

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген КПК сауалнама жүргізу барысы келесілерді көрсетті:

- колледж педагогикалық ұжымды білім беру процесі кезінде инновацияларды қолдануын қамтамасыз ете алады– 61,5%;
- оқытушыларды білім беру бағдарламаларының мазмұны қанағаттандырады-100%;
- оқытушылардың басшылықпен кері байланысы деңгейі 79,9% қанағаттандырады;

### ***Талдау бөлім***

«Педагогикалық ұжым және білім берудің тиімділігі» стандарты бойынша жұмысты талдай отырып ББ басқармасы педагогикалық ұжымды инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануына итермелеп отыратын белгілеп өтуге болады, бұл педагогтардың жеке өсуіне ықпал етеді.

### ***Мықты тұстары***

- колледж педагогикалық ұжым қызметінің мониторингі, педагогтар құзыреттігін жүйелі бағалау айқындығын қамтамасыз етеді;
- педагогикалық ұжымның колледж өміріне қатысуы.

### ***ССК ұсыныстары***

- Арнайы пәндер оқытушыларының мамандық профилі бойынша мекемелерде тағылымдамадан өтуі бойынша жұмысты жеделдету;
- Колледждің оқу процесіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктері нәтижелерін енгізу бойынша, ISBN меншіктеуі бар оқу-әдістемелік кешендерін жасауда оларға көмек көрсету жұмыстарын арттыру;
- Оқытушылар мен студенттердің кәсіби біліктілігін дамыту үшін инновациялық жоспарларды жасау.

### ***Өлшемдер бойынша ССК қорытындылары:***

***ССК колледждің берілген стандарт бойынша мамандандырылған профилі 7 мықты позицияны, 3 – қанағаттандырылған позицияны, 1 жақсартуды талап ететін позицияны құрайтынын атап өтті.***

#### 5.4. «Білім алушылар» стандарты

- **ББ басшылығы білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек.**
- **ББ басшылығы білім беру бағдарламалары нәтижелерін ескере отырып білім алушылардың маңызды рөлдері (кәсіби, әлеуметтік) түсінуін көрсетуі керек.**
- **Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың кәсіби мамандану сертификация мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады.**
- **Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламаның бар болуы маңызды фактор болып табылады.**
- **ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға және түлектермен байланыста болуға барынша күш салуы керек.**
- **Түлектердің кәсіби қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады.**
- **ББ басшылығы білім алушылардың негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс жұмыс кезінде) өзіндік дамуына ынталандыруды белсенді жүргізуі керек.**
- **ББ басшылығы білім алушыларға өз ойын жеткізу мен бөлісу бойынша мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі керек.**
- **ББ басшылығы білім алушылардың ТжКБ ұйымының қызметімен жалпы және атап айтқанда бөлек қызметтермен қанағаттандырылу мониторингін жүргізуі керек.**
- **ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосқандағы кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек.**

#### *Дәлелдеу бөлімі*

Білім алушылар контингентін құрастыру келесі ҚР нормативті-құқықтық актілері негізінде жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесі «Білім беру туралы» Заңы, ҚР Үкіметінің 2012 ж. 19 қаңтарындағы «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» 12.05.2016ж. өзгертулер мен толықтырулары бар Қаулысы, ҚР Білім және Ғылым Министрілігінің 2015ж. 20 қаңтарындағы №19 «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, 31.10.2018ж. өзгертулер мен толықтырулар.

Колледжге негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орташа жалпы), техникалық және кәсіби (бастапқы кәсіби және орташа кәсіби) білімі бар ҚР азаматтары, шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалар ҚР 27.07.2007 жылғы «Білім беру туралы» Заңына сәйкес қабылданады. Талапкерлердің білім алуға берілген өтініштерін қабылдау үшін, қабылдау емтихандарын өткізу үшін және оларды білім алушылардың қатарына қосу үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясы құрамы колледж директорының бұйрығымен бекітіледі. Қабылдау комиссиясы өз жұмысын ҚР 19.01.2012 жылғы №130 Қаулысына сәйкес техникалық және кәсіби білім беру кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне, 14.04.2015 жылғы №200 «Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау» техникалық және кәсіби білім беру ортасында орындалатын мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына, және жинақтау бойынша бекітілген жоспар бойынша атқарады.

Қабылдау динамикасы төменде көрсетілген кестелерде көрсетілген.

#### **1-кесте. Колледжге «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» ББ бойынша қабылдау**

Қабылдау	2014-2015	2015-2016	2016-2017	2017-2018	2018-2019
Барлығы	66	62	53	55	50

Мемл. тапсырыс	50	50	20	50	50
Ақылы	16	12	33	5	
Мемлекеттік тілде	66	62	53	-	-

## 2-кесте. Колледжге «Бастауыш білім беру» ББ бойынша қабылдау

<b>Қабылдау</b>	2014-2015	2015-2016	2016-2017	2017-2018	2018-2019
Барлығы	-	-	42		
Мемл. тапсырыс	-	-		53	50
Ақылы	-	-	42		
Мемлекеттік тілде	-	-	42	53	50

Білім алушылардың сандық құрамын талдау контингенттің тұрақтылығын көрсетеді.

## 3-кесте. соңғы 5 жыл аралығындағы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» ББ бойынша студенттер контингенті

№ п/п	Оқу жылы	Барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2014-2015	164	61	35	64	
2	2015-2016	171	57	66	48	
3	2016-2017	171	20	33	63	55
4	2017-2018	167	55	50	62	
5	2018-2019	171	50	66	55	

## 4-кесте. «Бастауыш білім беру» ББ бойынша студенттер контингенті

№ п/п	Оқу жылы	Барлығы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	2014-2015	82		6	28	48
2	2015-2016	49		7	16	26
3	2016-2017	75		42	9	24
4	2017-2018	90	53	28	9	-
5	2018-2019	128	50	60	28	-

Колледжде студенттердің оқуы мен дамуына барлық жағдай жасалған. Өзге қалалық студенттер үшін жатақхана ұсынылады. Студенттердің пікірін ескере отырып асхана салынып жұмысын атқаруда. Оқудан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үшін қажетті құрылғылармен жабдықталған акт залы бар.

Өзіндік жұмысқа арналған кітапхана, оқу залы, ғаламтор желісіне қосылған компьютерлер бар.

Колледж өнерлі студенттерді ынталандыруға тырысады. Колледжде спорт секциялары мен үйірмелер, студенттердің ғылыми қоғамы, дебат клубы, еріктілер мектебі, жастар ісі бойынша комитет жұмыс атқарады.

ББ дарынды балалары өздерінің ғылыми, кәсіби және шеберлік потенциалдарын конкурстар, жобалар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен басқада интеллектуалды іс-шараларға қатысу арқылы дамытуға мүмкіндік алады.

Студенттер колледждің, ауданның және ҚР қоғамдық жұмысына белсенді

қатысады.

Колледж түлектердің жұмысқа орналасу мониторингін жүргізеді.

**5-кесте. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» ББ бойынша соңғы 4 жылдағы түлектердің жұмысқа орналасу \жұмыс бастылығы нәтижелері**

Оқу жылы	Жұмысқа орналасу		Жұмыс бастылық	
	Адам	%	Адам	%
2014-2015	40	69	7	12
2015-2016	31	70,4	5	11,4
2016-2017	48	68,6	8	11,4
2017-2018	47	67,1	10	14,2

**6-кесте. «Бастауыш білім беру» ББ бойынша соңғы 4 жылдағы түлектердің жұмысқа орналасу/жұмыс бастылығы нәтижелері**

Оқу жылы	Жұмысқа орналасу		Жұмыс бастылық	
	Адам	%	Адам	%
2014-2015	20	68,9	4	13,8
2015-2016	19	61,3	6	19,3
2016-2017	8	61,53	3	23,1
2017-2018	7	58,4	3	24,9

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша келесілер белгілі болды:

- 91,1% компьютер сыныптары мен ғаламтор ресурстарына қолжетімділікпен қанағаттандырылған;
- 100% кітапхана ресурстарының қолжетімділігімен толықтай қанағаттандырылған;
- 97,8% емтихандар мен аттестацияның әділдігімен қанағаттандырылған.

«Білім алушылар» стандарты бойынша ББ жүзеге асыру сапасы мен шарттары студенттер болжаулары мен қажеттілігімен сәйкес келетінін белгілеп айтуға болады. Жұмысқа орналасу нәтижелері «Арыстанбаб» колледжі түлектерінің еңбек нарығында сұраныста болуын көрсетеді. Аудандық жұмыс берушілер аккредиттелетін ББ бойынша түлектерді даярлау сапасымен қанағаттандырылған.

***Мықты тұстары***

- білім алушылар контингентін жасаудағы айқындылық;
- студенттерді негізгі білім беру бағдарламасынан тыс өзіндік дамуына ынталандыру.

***ССК ұсыныстары***

- Студенттік белсенділік рөлі мен кәсіби педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуды арттыру;
- Білім беру процесіндегі мамандандыру саласындағы білім алушылардың кәсіби сертификатталу мүмкіндіктерін қарастыру.

***Өлшемдер бойынша ССК қорытындылары:***

***ССК берілген стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилі 3 мықты, 6 қанағаттандырылған және 1 жақсартуды талап ететін позициялардан тұратынын атап өтеді.***

### *5.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар» стандарты*

Материалды-техникалық және ақпараттық ресурстарды тұрақты жақсартып отыру білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету факторына қызмет етеді. Білім алушылардың оқу ортасы, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды қоса отырып, білім беру бағдарламасының мақсаттары мен ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Материалдық - техникалық және ақпараттық ресурстар өзіндік, жергілікті және республикалық бюджет есебінен орындалады.

ЖШС «Арыстанбаб» колледжі базасын қарау кезінде оқу мекемесі аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған қажетті ресурстардың бәрін қамтитыны анықталды.

Ұйымның потенциалды мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып «Арыстанбаб» колледжінде асхана жұмыс істейді. Мәзірге ыстық тамақтар, пісірілген нандардың түрлі сұрыпталымы, суық сусындар кіреді. Алғашқы медикті-санитарлық көмек көрсетілетін медпункт жұмыс істейді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану мен дамыту факторларының бірі болып оларды тұрақты дамыту болып табылады. «Арыстанбаб» колледжі оқу процесіне ақпараттық технологияларды қолдану бойынша жұмыстарды белсенді атқарады. Колледжде ортақ жергілікті сымды желі жасалған, сымсыз қосылатын құрылғыларды ғаламтор желісіне қосуға мүмкіндік беретін WI-FI желісі орнатылған.

Колледж қызметкерлері мен білім алушыларының жоғарғы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін IP видеомониторинг жүйесі жұмыс істейді.

Колледж оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының ғаламтор желісіне қосылуының барлық мүмкіндіктері жасалған. Колледждің барлық компьютерлері жергілікті желіге жалғанған және 10МБ/с жылдамдықтағы кең сызықты ғаламтор желісі арқылы ғаламторға қосылуына қол жеткізген, ғаламтор желісіне сымсыз қосылу қолжетімділігі үшін ақпараттық ғаламтор ресурстарына сымсыз жалғану үшін WI-FI жүйесі орнатылған бөлек ғаламтор-каналы бар.

Колледжде ортақ жергілікті желіге қосылған компьютерлік сыныптар, интерактив қабырғалары бар сыныптар белсенді қолданылады, электрондық оқулықтарды қамтитын кітапхана фонды жасалған.

Жаңа буындағы 125 компьютерден тұратын, ҒАЛАМТОР жергілікті желісіне қосылған 5 компьютер сыныбы жұмыс істейді. Сонымен қатар барлық құрылымдық бөлімдер жетекшілерінің кабинетінде ҒАЛАМТОР жергілікті желісіне қосылған компьютерлер бар. Колледжде барлығы жаңа буындағы 178 компьютер, 10 ноутбук, 8 теледидар, 8 КҚҚ, 8 экраны бар мультимедиялық проекторлар, интерактивті тақта бар. Барлық компьютерлер локалды желіге қосылған және ғаламтор желісіне қосылған. Колледждің құрылымдық бөлімдері оқу құжаттарын шығару мен көшіру жұмыстарын жасау үшін көшіру-көбейту техникасымен жабдықталған: принтерлер, ксерокстер, 3 –үі 1-нде МФУ; принтер/ксерокс/сканер, фотопринтер. Оқу құжаттарын қара-ақ форматында сканерлеу, шығару мен көшіру бөлім меңгерушілері кабинеттерінде орындалады.

Колледжде электронды кесте жүйесі бар, үш монитор топтар кестесінің бір күндігін де, барлық семестрге де пән бойынша оқытушылар мен аудиторияларды белгілей отырып көрсетіп тұрады.

Колледж кітапханасы білім алушыларды қажетті оқу, оқу-әдістемелік, қоғамдық-саяси, медициналық, ғылыми-жаратылыс пен көркем әдебиетпен қамтамасыз етеді. Кітапханада білім алушылар мен оқытушыларға ғаламтор желісінде жұмыс жасау үшін тегін рұқсат беріледі.

Жалпы ауданы 131,6кв.м кітапхана бар, ол абонементтен, 60 орындық оқу залынан және 31,44 кв.м. кітап қоймасынан тұрады.

Кітапхана фондының мазмұны мен көлемі аккредиттелетін білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді:

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» ББ бойынша оқу және ақпараттық-әдістемелік әдебиет фонды 4868 дана құрайды.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» ББ бойынша электронды тасымалдаушыдағы оқу әдебиеттері -262, магниттісі-117.

«Бастауыш білім беру» ББ бойынша оқу және ақпараттық-әдістемелік әдебиет фонды 2569 дана құрайды.

«Бастауыш білім беру» ББ бойынша электронды тасымалдаушыдағы оқу әдебиеттері-292, магниттісі -117.

Мерзімді басылымдарға жазылу соңғы 3 жылда жылына шамамен 31 атауларды құрайды.

Соңғы 3 жылда 2 822 125 тенге соммасында әдебиеттер алынды, олардың саны 1766 дана.

Білім алушыларға өздігінен дайындалуға көмек ретінде кітапханада ғаламторға рұқсат етілген 10 компьютер бар.

Кітапхана процестерін және электронды каталогтарды жасаудың кешенді автоматтандырылуына арналған жүйе енгізілген.

Мүдделі тұлғаларға колледж жұмыстары туралы және ұсынылатын білім беру қызметтері туралы ақпараттың қол жетімділігі үшін колледжде мемлекеттік тілде жұмыс істейтін ([www.arstanbab.kz](http://www.arstanbab.kz)) сайт құрастырылған.

АРТА ССК сапары кезінде өткізілген сауалнама нәтижелері қанағаттандырылғанын көрсетеді:

- қолда бар компьютер сыныптарымен– 93,3%;
- қолда бар зертханалармен– 91,1%;
- жатақханамен қамтамасыздану – 95,6%;
- білім алушылар үшін денсаулық сақтау қызметтері қолжетімділігі – 100%.

«Білім алу бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар» стандарты бойынша колледждің материалдық базасы заманауи компьютер құрылғыларымен толықтай жетілгені және де ББ жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлардың барлығына ие екенін белгілеп өтуге болады.

### ***ССК ұсыныстары***

– Аккредиттелетін мамандықтар бойынша кітапхана фондын электронды оқу-әдістемелік кешендерімен толықтыру;

– Арнайы мамандықтар оқытушыларының оқу-әдістемелік құралдарын студенттерге ашық қолжетімді болуы үшін кітапхананың оқу залына орналастыру.

### ***Өлшедер бойынша ССК қорытындысы:***

***ССК колледждің берілген стандарт бойынша мамандандырылған профилі 6 мықты, 8 қанағаттандырылған және 1 жақсартуды талап ететін позицияны құрайтынын атап өтті.***

### ***5.6 «Жеке мамандықтар тұрғысындағы стандарттар» стандарты***

ББ маңызды факторы болып болашақ маман жұмысының шеберлік стилін жасауға көмектесетін, және де мамандықты игерудің толықтығын, тереңдігін және мотивациясын айтарлықтай арттыратын заманауи педагогикалық технологияларды қолдану болып табылады. Мамандарды даярлау кезінде үлкен көңіл: тәжірибелік қабілеттерді алу мен жетілдіруге бағытталған жұмысқа бөлінеді. Теориялық білім беру мен тәжірибенің үйлесімі сабақ үстінде тәжірибелі-бағытталған технологияларды, құзіретті-бағытталған тапсырмаларды қолдану жолдарымен жетеді. Тұрақты ретте тәжірибелерді ұйымдастыру, оқытушылардың біліктілігін арттыру сұрақтары талқыланады, озыту әдістерін жетілдіру мәселелері, инновациялық технологияларды қолдану сұрақтары, оқу процесінің әдістемелік қамтамасыздандырылуы жағдайлары қарастырылады.

Колледжде оқу процесі барысын ұйымдастыру әдістері мен формаларына, технологияларына көп көңіл бөлінеді. Негізгі педагогикалық инновациялар қазіргі таңда білім берудің интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. Интерактивті әдістер білім алушылардың өзара байланысы, белсенділігі, топтық тәжірибе тірегіне, міндетті кері

байланыс принциптеріне негізделген. Колледжде қатысушылардың өзара қатынасымен, ашықтығымен, аргументтерінің теңдігімен, бірлескен білімдерінің жинақталуымен, өзара бағалау мен бақылау мүмкіндіктерімен сипатталатын білім беру қарым-қатынасы ортасы бар. Оқу процесіне ақпараттық технологияларды қолдануға көп көңіл бөлінеді. Сабақтарда электронды кітаптар, компьютерлік бағдарламалар белсенді қолданылады. Барлық мамандықтар бойынша тестілік тапсырмалар базасы бар компьютерлік тестілеу жүйесі енгізілген.

Жыл сайын ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілетін ОӘО декадалары жобаланады, бұл оқытушылар тәжірибесін байытуға, жаңа технологияларды енгізуге, білім алушылар білімі сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу арқылы жүзеге асады.

Кәсіби тәжірибе кәсіби білім беру мен кәсіби қызметке білікті мамандарды даярлаудың тиімді формалары ББ негізгі ажырамайтын бөлігі болып табылады.

Оқу құжаттамасы кешені бар тәжірибе бағдарламалары оқытушыларға, тәжірибе жетекшілеріне, жұмыс берушілерге, және де практикант-студенттерге кәсіби қабілеттерді игеріп перспективалары мен мақсаттарын анығырақ болжауға мүмкіндік береді, тәжірибе мазмұны мен оның нәтижелерінің есебі мазмұнына қойылған талаптар мен тәсілдемелердің бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл факторлардың барлығы түлектердің педагогикалық ұжымда бейімделуін, колледжде тәжірибелік білім алуын арттырады. Тәжірибелердің мазмұны мен ұзақтығы МЖБС ТжББ сәйкес келеді. Оқу, өндірістік және диплом алды тәжірибелер жұмыс берушелердің ұсыныстарын ескереді, оқу процесі кестесі бойынша колледж директорымен бекітіледі.

Кәсіби тәжірибе кезеңінде білім алушыларды тәжірибелі даярлау жүзеге асырылады, біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіби негізгі қабілеттер мен икемдер жасалады, білім беру мазмұнын оқыту негізіндегі білімдері тереңдетіледі және жүйелендіріледі, бастапқы кәсіби тәжірибесі алынады.

Дипломалды және өндірістік тәжірибені жүргізу үшін әлеуметтік серіктестермен уақытылы келісім-шарттар жасалады. Тәжірибе базалары студенттердің болашақ кәсіби қызметіне сәйкес жасалады. Тәжірибелерден өту мерзімдері оқу жоспарында қарастырылған сағаттарға сәйкес келеді.

«Бөлек мамандықтар тұрғысындағы стандарттар» стандарты бойынша жұмыстарды талдай отырып білім алушылардың кәсіби ортамен және мамандандыру облысының өзекті сұрақтарымен танысу, және де теориялық даярлау қабілеттерін иемдену мақсатында білім беру бағдарламалары үйірмелер, мамандық бойынша тәжірибелер мен қабілеттерді игеруге бағытталған факультативті және элективті курстар іс-шараларын қамтитынын айтып кету керек..

Аккредиттелетін мамандықтар бойынша білім алушылардың жетістіктері жеткілікті жақсы деңгейде және стандарт талаптарына толықтай сәйкес келетінін атап айтуға болады.

#### ***Мықты тұстары***

- түлектердің берілген мамандық пен біліктілікке сәйкес еңбек нарығында сәтті жұмыспен қамтылуы.

#### ***ССК ұсыныстары***

- колледж базасында әлеуметтік серіктестер қатысуымен өтетін кәсіби конкурстарды өткізу.

#### ***Өлшемдер бойынша ССК қорытындылары:***

***ССК берілген стандарт бойынша колледждің профилі 3 мықты, 2 қанағаттандырылған позицияны құрайтынын атап өтті.***



## **VI. ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ТҰСТАРЫ/ҮЗДІК**

### **ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕ ШОЛУЫ**

#### ***5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты:***

-05.04.2018ж. - 05.04.2021ж. дейін ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» № kz7500207.07.03.0028 талаптары бойынша сертификаттың болуы;  
- бизнес-процесстерге жауаптылар нақты анықталған, қызметкерлердің міндеттері біркелкі таратылған.

#### ***5.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты:***

- оқу пәндерінің мазмұнының, көлемінің, логикасының өзара байланысы, түлектердің кәсіби құзыреттерін жасауға оқу пәндерімен, өндірістік тәжірибе ықпалы;  
- териялық және тәжірибелі-бағытталған пәндер арасындағы тиімді баланстың бар болуы;  
- студенттердің жеке қолдауының бар болуы.

#### ***5.3. «Педагогикалық ұжым мен білім берудің тиімділігі» стандарты:***

- педагогикалық ұжым, педагогтардың құзыреттілігін жүйелі бақылау жұмыстарының мониторингінің айқындығы;  
- педагогикалық ұжымның колледж өміріне қатысуы.

#### ***5.4. «Білім алушылар» стандарты:***

- білім алушылар контингентін жасау шараларының айқындығы;  
- студенттері негізгі білім беру бағдарламасынан тыс өзіндік оқуына ынталандыру.

#### ***5.6. «Жеке мамандықтар тұрғысындағы стандарттар» стандарты:***

- берілген мамандық пен біліктілікке сәйкес түлектердің еңбек нарығында сәтті жұмыспен қамтылуы.

## **VII. САПАНЫ ЖАҚСARTY БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАҒА ШОЛУ**

### **Өлшемдерді орындауға байланысты барлық стандарттар бойынша ССК**

#### **ұсыныстарының тізімі**

##### ***5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты***

###### ***ССК ұсыныстары***

- Білім алушыларға, жұмысшыларға және мүдделі тұлғаларға бағытталған кері байланыс пен ақпараттандыру жүйелерінің эффективтілігін қамтамасыз ету;
- Стейкхолдерлер қызығушылығын ескере отырып білім беру бағдарламаларындағы өзгерістер тиімділігін талдау мен құрамын жаңарту бойынша жұмыстары жүйелендіру.

##### ***5.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты***

###### ***ССК ұсыныстары***

- Тәжірибе жүргізетін адамдарды жұмысқа тарту мүмкіндігін қарастыру және олар оқитын арнайы пәндердің үлесін білім беру бағдарламаларының сапасы деңгейін жақсарту үшін анықтау(01.09.2019ж. дейін);
- Білім беру бағдарламасы түлегі үлгісін еңбек нарығының аудандық қажеттіліктерін дамыту ерекшеліктерін ескере отырып дамыту(31.12.2019ж. дейін);
- Қатаң есеп құжаттарын жүргізу талаптарының Қазақстан Республикасының заңнамалары талаптарына сәйкес жүргізілуін қадағалау (ҚР БЖҒМ 23.10.2007ж. № 502 Бұйрығы) (01.09.2019ж. дейін).

##### ***5.3. «Педагогикалық ұжым мен білім берудің тиімділігі» стандарты***

###### ***ССК ұсыныстары***

- Арнайы пәндер оқытушыларының мамандық профилі бойынша мекемелерде тағылыдамадан өтуі бойынша жұмысты жеделдету(31.12.2019ж. дейін);
- Колледждің оқу процесіне оқытушылардың тәжірибелік жетістіктері нәтижелерін енгізу бойынша, ISBN меншіктеуі бар оқу-әдістемелік кешендерін жасауда оларға көмек көрсету жұмыстарын арттыру (01.09.2021ж. дейін);
- Оқытушылар мен студенттердің кәсіби біліктілігін дамыту үшін инновациялық жоспарларды жасау (01.09.2021ж. дейін).

##### ***5.4. «Білім алушылар» стандарты***

###### ***ССК ұсыныстары***

- Студенттік белсенділік рөлі мен кәсіби педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуды арттыру (01.09.2021ж. дейін);
- Білім беру процесіндегі мамандандыру саласындағы білім алушылардың кәсіби сертификатталу мүмкіндіктерін қарастыру (01.09.2020ж. дейін).

##### ***5.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар»***

*стандарты*

**ССК ұсыныстары**

- аккредиттелетін мамандықтар бойынша кітапхана фондын электронды оқу-әдістемелік кешендерімен толықтыру (01.09.2020ж. дейін);
- арнайы мамандықтар оқытушыларының оқу-әдістемелік құралдарын студенттерге ашық қолжетімді болуы үшін кітапхананың оқу залына орналастыру (01.09.2019 ж. дейін).

*5.6. «Жеке мамандықтар тұрғысындағы стандарттар» стандарты*

**ССК ұсыныстары**

- колледж базасында әлеуметтік серіктестер қатысуымен өтетін кәсіби конкурстарды өткізу (31.12.2021ж.дейін).

**Қосымша 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ПРОФИЛЬ ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау**

**кестесі**

(ССК барлық мүшелерімен толтырылады)

№ р/б	Бағалау өлшемі	Білім беру мекемесінің позициясы			
		Мықты	Қанағаттанарлық	Жақсаруды көздейді	Қанағаттанарлықсыз
<b>«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты</b>					
1	ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын құрастыруды, оның мүдделі тұлғалар, білім алушылар мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталғандығын көрсетеді		+		
2	ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарының бар ресурстарға, еңбек нарығындағы талаптарына және ҚР білім беру саясатына барабарлығын қамтамасыз ету керек.		+		
3	ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалар, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді ББ дамыту жоспарын құрастыруға жұмылдыруы қажет.			+	
4	ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын құрастыру процесстерінің айқындығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспары мазмұны мен оны құрастыру процестері туралы мүдделі тұлғадалардың ақпараттануын қамтамасыз етеді.		+		
5	ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын уақытылы қайта қарастыру мен құрастыру механизмдерін және оны жүзеге асыру мониторингін анықтау қажет.		+		
6	ТжКБ ұйымы ББ жүзеге асыру туралы ақпаратты талдайды, жинастырады, жинақтайды және барлық бағыттар бойынша өзіндік талдауын жүргізеді, ББ дамыту жоспарын қайта қарастырады.		+		
7	ББ дамыту жоспары мүдделі тұлғалардың тараптарынан барлық уәкілдерімен жұрт алдында талқылаудан өтеді, ұсыныстар мен түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының заңдастырылған алқалы органы жобаға өзгертулер енгізеді.			+	

8	ТжКБ ұйымы қаржыландыру жүйесінің тұрақтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдылық, айқындылық, жауапкершілік, өкілеттіліктерді табыстау, ажырату мен өзінділігі принциптерін жүзеге асыру деңгейлерін көрсетеді.	+			
9	ББ басқару келесілерді қамтуы тиіс:				
9.1	Процесстер арқылы қызметті басқару;	+			
9.2	Жоспарлау, даму және тұрақты жақсарту механизмдері	+			
9.3	Мониторинг, жоспарды жасау мен жүзеге асырудағы динамиканы анықтайтын есептік процесстерді жасауды қамтитын;		+		
9.4	Өзгертулер тиімділігінің талдауы;		+		
9.5	Бөлімшелер қызметі тиімділігі мен нәтижелілігіне және олардың өзара қатынасына баға беру».		+		
10	ТжКБ ұйымында ББ жүзеге асыруды белгілейтін барлық негізгі бизнес-процесстер құжаттандырылуы тиіс.	+			
11	ТжКБ ұйымы бизнес-процесстерге жауаптыларды нақты анықтауды, персоналдың қызметтік міндеттерін бірден таратуы, ББ жүзеге асыруға қатысатын өкілдік органдар функцияларын ажыратуды көрсетуі керек.	+			
12	ТжКБ ұйымы процессті бекітетін құжаттар мен білім беру бағдарламаларының мониторингін, жүйелі рецензиялауын (қайта қарастыру), бекіту кезеңдерін көрсетуі керек		+		
13	ББ басқармасы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандыру жүйелері мен кері байланыстың тиімді жұмыс істеуі мен болуын қамтамасыз етуі керек.	+			
14	ББ басқармасы жоспарлануын, бақылауы мен мониторингін, оларды жақсартуын, фактілер негізінде шешім қабылдауды қамтитын ББ сапасын қамтамасыз ететін жүйенің ойдағыдай жұмыс істеуін көрсетуі керек.		+		
15	ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасының басқару жүйесінің айқындығы дәлелдерін ұсынуы қажет.		+		
16	ТжКБ ұйымы ББ басқару жүйесінде статистиканы талдау және жинау жүйесін қарқынды қолданудың дәлелдерін және бар болуын көрсетуі керек.		+		
17	ББ басқармасы педагогикалық ұжым, қызметкерлер мен білім алушылардың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы деңгейін өлшеуді қамтамасыз етуі керек және өлшеу кезінде анықталған қателіктерді жою дәлелдерін көрсетуі керек.		+		
18	ББ басқармасы білім алушылар, педагогикалық ұжым мен ата-аналар үшін ашықтығын және қолжетімділігін көрсетуі тиіс.	+			

Барлығы		7	13	2	
«Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері» стандарты					
Бағалау шарттары: ББ мазмұны					
19	ТЖКБ ұйымы білімі, қабілеті, дағдысы, негізгі және кәсіби құзіреті, даралық қасиеттері бар білім беру бағдарламасының түлегінің жасалған модельдерін көрсетуі тиіс		+		
20	ТЖКБ ұйымы ББ даярлауда, оның сапасын қамтамасыз етуде педагогикалық ұжымның және жұмыс берушілердің қатысуын дәлелдеуі тиіс.		+		
21	ТЖКБ ұйымы оқу пәндері байланысының логикасын, көлемін, мазмұнын анықтауы тиіс, сонымен қатар өндірістік оқу және кәсіби тәжірибе пәндерінің түлектердің негізгі және кәсіби құзіретін құрауға әсерін анықтауы тиіс.	+			
22	ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мән-мәтіннің болуын көрсетуі тиіс.	+			
23	ББ басшылығы теориялық және тәжірибелі-бағытталған пәндер арасындағы тиімді баланстың бар болуын көрсетуі тиіс.	+			
24	Пәндер тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болуы тиіс. Пәндер оқытылатын аумақта қамтылатын барлық сұрақтар мен мәселелерді жете баяндауы тиіс.		+		
25	Білім беру бағдарламасының құрылымында білім алушылардың олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып базалық және кәсіби құзіретін дамытуға жұмылдырылған жұмыстардың барлық түрін қарастыруы тиіс.		+		
26	Маңызды фактор болып жұмыс берушілердің көзқарастарын ескере отырып білім беру бағдарламаларының жаңаруы болып табылады.				+
Бағалау өлшемдері: ББ дараландыру					
27	ББ басқармасы білім алушыларға бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде білім алу тіліне тәуелсіз түрде.	+			
28	ББ басқармасы жеке көмек және білім алушыларға білім беру процесі сұрақтары бойынша кеңес беру жүйелерінің эффективті жұмыс істеуін және бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.		+		
29	Басқарма ББ эффективті меңгеру шарттарын жасайды.	+			
30	ББ басқармасы ББ жүзеге асыру кезінде білім алушылардың артықшылықтары, жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мәдени тәжірибесін қолдануды көрсетуі тиіс.		+		
31	ББ басқармасы ББ жүзеге асыру кезінде білім алушылардың жеке қолдауын көрсетуі тиіс.	+			
32	ББ басқармасы білім алушылар жетістіктері артында бақылау жүйесінің бар екенін көрсетуі тиіс.	+			

**Бағалау шарттары: білім алушылар нәтижелерін бағалау.**

33	ББ басқармасы оқу нәтижелерінің объективті, нақты және жеткілікті бағалау механизмінің эффективті жұмыс істеуі мен бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.		+		
34	ББ басқармасы білім беру нәтижелері бағасының объективтілігін және білім алушылардың базалық және кәсіби компетенциясын құрастыру деңгейін, оларды бағалау құралдарының және механизмдерінің айқындығы мен барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс.		+		
35	ББ басқармасы білім алушылардың білімі, қабілеттері мен икемдерін бағалау шараларының бағдарламаның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.		+		
36	ББ басқармасы курс бойынша білім берудің басында және оқыту пәндерін өту кезінде білім алушылардың білімі, қабілеттері мен икемдерін талдауы тиіс.		+		
37	Білім беру нәтижелерін бағалау өлшемдері мен процесстері айқын болуы тиіс.		+		
38	ББ басқармасы білім алушыларда келесі білі беру деңгейлерінде оқытуды жалғастыру үшін икемдерін қалыптастыруды қамтамасыз етуі қажет.		+		

**Бағалау шарттары: оқыту әдісі**

39	ББ басшылығы белсенді білім беру әдістері мен инновациялық оқыту әдістердің жүйелі дамуын, енгізілуін және эффективтілігін қамтамасыз етуі тиіс.		+		
40	Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде білім алушының өзіндік жұмысының бақылауы жасалуы тиіс.		+		
41	ББ басшылығы білім алушылардың мамандығы/біліктілігі бойынша кәсіби тәжірибенің және өндірістік оқытудан өтуі мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс және білім алушылар, тәжірибе орындары мен жұмыс берушілер - мекеме жетекшілері қанағаттандырылуы бақылауын өткізуі тиіс.	+			
42	ББ басшылығы оқытушылардың тәжірибелік жетістіктерін білім беру процесіне енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.			+	

**Барлығы**

8

14

2

**«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандарты**

43	Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында ББ басшылығы практиктерді жұмылдыру қажет және олар оқитын пәндердің мөлшерін анықтауы тиіс.			+	
44	ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім беру барысында ылғи инновациялық технологияларды қолдануға ынталандыруы керек.	+			

45	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның біліктілік талаптарына және ББ ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.	+			
46	ТЖКБ ұйымы педагогикалық ұжым туралы мәліметтердің қоғам үшін қолжетімділігін көрсетуі керек.	+			
47	ББ басшылығы педагогикалық ұжым қызметінің мониторингін, педагогтар біліктілігін жүйелі түрде бағалауды, сабақ беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.	+			
48	Педагогтардың жұмыс жүктемесі әр түрлі қызметтер түрлерін қамтуы тиіс. ББ басшылығы жоспарланған жүктеменің барлық түрінің педагогтармен орындалуы дәлелдерін көрсетуі тиіс.		+		
49	ББ басшылығы жас педагогтарды дамыту бойынша бағытталған әрекеттерді қамтамасыз етуі тиіс.		+		
50	ББ басшылығы педагогтар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіптік және жеке дамуын ынталандыру механизмдерін көрсетуі керек.	+			
51	ББ басшылығы педагогикалық ұжымның қанағаттандырылу мониторингін қамтамасыз етуі керек.		+		
52	ББ басшылығы педагогикалық ұжым мүшелерінің ақпараттық технологияларық біліктілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларының қолдануын көрсетуі керек.	+			
53	Педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.	+			
<b>Барлығы</b>		7	3	1	
<b>«Білім алушылар» стандарты</b>					
54	ББ басшылығы білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің айқындығын көрсетуі керек.	+			
55	ББ басшылығы білім беру бағдарламалары нәтижелерін ескере отырып білім алушылардың маңызды рөлдері (кәсіби, әлеуметтік) түснұін көрсетуі керек.		+		
56	Оқыту үдерісі кезіндегі білім алушылардың кәсіби мамандану сертификация мүмкіндігінің болуы маңызды фактор болып табылады.			+	
57	Дарынды білім алушыларды қолдайтын бағдарламаның бар болуы маңызды фактор болып табылады.		+		
58	ББ басшылығы түлектерді жұмысқа орналастыруға және түлектермен байланыста болуға барынша күш салуы керек.		+		
59	Түлектердің кәсіби қызметі мен жұмысқа орналасуының мониторингі маңызды фактор болып табылады.		+		
60	ББ басшылығы білім алушылардың негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс жұмыс кезінде) өзіндік дамуына ынталандыруды белсенді	+			



	жүргізуі керек.				
61	ББ басшылығы білім алушыларға өз ойын жеткізу мен бөлісу бойынша мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі керек.	+			
62	ББ басшылығы білім алушылардың ТЖКБ ұйымының қызметімен жалпы және атап айтқанда бөлек қызметтермен қанағаттандырылу мониторингін жүргізуі керек.		+		
63	ББ басшылығы білім алушылардың білімдерін бағалау нәтижелері туралы мәліметтерді жедел ұсынуын қосқандағы кері байланыс жүйесінің жұмыс істеуін көрсетуі керек.		+		
<b>Барлығы</b>		3	6	1	
<b>5.5. «Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылатын ресурстар» стандарты</b>					
64	ББ басшылығы білім алушыларға оқытылатын пәндер бойынша құрылымдық, ұйымдастырылған ақпараттың барынша қолжетімді санын қамтамасыз етуі керек: мысалы, презентациялық материалдар, дәріс конспектілері, міндетті және қосымша әдебиеттер, тәжірибелік сабақтар жіне т.б.	+			
65	Білім беру бағдарламаларын игеруге арналған оқу құрылғылары мен бағдарлама құралдары сәйкес салаларда қолданылатын құралдармен бірдей болуы керек және қолданысқа енгізу кезінде еңбек қауіпсіздігі талаптарына жауап беруі керек.	+			
66	ТЖКБ ұйымы білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін және базалық және кәсіби құзыретіне қызмет ететін оқыту ортасын құрастырады.	+			
67	ТЖКБ ұйымы оқылатын пәндер бойынша білім алушылар мен педагогтардың қолданбалы қабілеттерін дамыту үшін және сол қабілеттерді конкурстар мен жарыстар немесе тәжірибеде басқа да әдістермен жүзеге асыру мүмкіндіктерін дамыту жағдайын жасау керек.		+		
68	ТЖКБ ұйымы материалдық-техникалық ресурстар мен ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудың динамикасын, бюджетті жоспарлау мен үлестіруді түзету үшін бағалау нәтижелерін қолдану тиімділігін бағалауы керек.	+			
69	ТЖКБ ұйымында келесілер кіретін ББ оқыту ортасы құрылу керек:				
69.1	Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне сәйкес педагогикалық ұжым мен білім алушыларды технологиялық қолдау		+		

69.2	Академиялық қолжетімділік – білім алушылардың дербестендірілген білім беру ресурстарына рұқсаты бар.		+		
69.3	Академиялық кеңестер – білім алушыларға көмектесетін білім беру ресурстары бар		+		
69.4	Кәсіби бағдар – білім алушыларға мансап бағыттарын таңдауда және оларға жету жолында көмек беретін дербестендірілген білім беру ресурстарын қолдана алатын		+		
69.5	Заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған қажетті дәрісханалар саны: оқу зертханалары, жүзеге асырылатын ББ-на, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен талаптарға сәйкестендірілген заманауи жабдықтармен жасақталған заманауи оқу-жаттығу полигондары бар		+		
69.6	Компьютер сыныптарының, оқу залдарының, мультимедиялық, лингафон және ғылыми-әдістемелік кабинеттердің қажетті саны, ол жерде отыратын орындарының саны жеткілікті болуы	+			
69.7	Кітаптар қоры, соның ішінде қағаз және электронды тасымалдағыштарда оқу және әдістемелік әдебиеттердің қоры, оқыту қоры, оқыту тілдері аясындағы мерзімдік басылымдары бар			+	
69.8	Білім беретін интернет-ресурстарға еркін қол жеткізу	+			
70	ББ басшылығы оқыту үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу дәрежесін анықтап, педагогикалық ұжым мүшелері оқытудың инновациялық технологияларын, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде, өңдеу және қолдану мониторингін жүргізу.		+		
71	ББ басшылығы білім беру ұйымының қызметін жақсарту үшін қолдану тиімділігін, миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін сипаттайтын веб-ресурстың болуын көрсетуі тиіс.		+		
<b>Барлығы</b>		6	8	1	
<b>«Жеке мамандықтар тұрғысындағы стандарттар» стандарты</b>					
<b>Білім беру</b>					
72	«Білім беру» бағытындағы келесі бағдарламалар, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгейлері бойынша)», «Бастауыш білім беру» және т.б. келесі талаптарға сәйкес келуі керек:				

72.1	ББ басшылығы түлектерде психология саласында тәжірибелі-бағытталған білімінің болуын және коммуникация саласында қабілеттерінің болуын, тұлғаны тану мен қатынасу, шиеленістердің алдын алу мен шешу, білім алушыларды ынталандырудың бар болуын көрсетуі тиіс.	+			
72.2	ББ басшылығы ақпараттық технологиялар саласындағы түлектердің сауаттылығын, білім беру ортасының талаптарына сәйкес келетін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру ұйымдарында кеңінен қолдануды көрсетуі тиіс.	+			
72.3	ББ басшылығы бағдарламасында оқу процесін жүргізетін мекемелерде, оқытудың инновациялық әдістері мен оқытуды жоспарлау, соның ішінде интерактивті оқыту әдістерін оқытатын пәндердің болуын көрсетуі тиіс.		+		
72.4	ББ білім алушылардың өзін-өзі оқыту қабілеттерінің болуын көрсетуі тиіс.		+		
72.5	ББ талдаулар мен фактілермен негізделген, нарықта қандай жеке мамандықтар (біліктілік) мен дағдылардың сұраныста екенін, оқытылатын мамандық(біліктілік) бойынша сұраныста болатын мамандардың шамамен санын болжайтын, айқын түсінігінің бар екенін және де оқуды аяқтағаннан кейін бастапқы жарты жылдың ішінде түлектердің көбісінің сәтті жұмыспен қамтылуының мысалдарын көрсетуі тиіс.	+			

**Әлеуметтік ғылымдар, қызметтер, экономика, бизнес және құқық**

73	«Сервис, экономика және басқару» және «Құқық» бағыттары бойынша, келесі білім беру бағдарламалары: «Сақтандыру қызметі», «Патенттану», «Аударма ісі (түрлері бойынша)», «Туризм (салалар бойынша)», «Тағамдануды ұйымдастыру», «Әлеуметтік жұмыс», «Маркетинг (салалар бойынша)», «Қаржы (салалар бойынша)» және т.с.с.келесі талаптарға жауап беруі керек: ББ басшылығы білім алушылардың мамандану саласындағы қағазда (газеттер, статистикалық деректер жинақтары, оқулықтар) және электронды тасымалдаушыларда болатын ең заманауи және актуалды деректеріне (статистика, жаңалықтар, ғылыми нәтижелер)				
74	Сонымен қатар «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» және «Құқық» бағыттары бойынша ББ келесі талаптарға жауап беруі керек:				
74.1	ББ мақсаттары мен нәтижелері білім алушылардың еңбек нарығында сұраныста болатын нақты қабілеттерді алуына бағытталуы				

	керек				
74.2	ББ басшылығы білім беру бағдарламасының түлектерінің осы қабілеттерге ие екенін және тура осы қабілеттердің еңбек нарығында сұраныста екенін көрсетуі тиіс				
74.3	ББ білім алушылардың теориялық білімдерін қолдану тәжірибесіне бағытталған пәндер мен шаралар санын қосу, мысалы өндірістік тәжірибе, тәжірибелі мамандардың дәрістеріне және мастер-класстарына қатысу және т.с.с.				

### **Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар**

75	Техникалық бағыттар бойынша білім беру бағдарламалары, мысалы «Металлургия және машина жасау», «Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар», «Өндіріс, монтаж, эксплуатация және ремонт (салалар бойынша)», «Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар, және т.с.с. келесі талаптарға жауап беру керек:				
75.1	Білім алушыларды кәсіби ортамен және мамандану саласындағы сұрақтармен таныстыру мақсатында, және де теориялық даярлау негізіндегі дағдыларды алу мақсатында білім беру бағдарламасы жалпы мамандық бойынша және жеке профильденетін пәндер бойынша тәжірибені игеруге бағытталған пәндер мен іс-шараларды қамтуы тиіс, соның ішінде:				
75.1.1	Мамандану саласындағы мекемелерге экскурсия жасау (заводтар, шеберханалар, зерттеу институттары, зертханалар және т.б.)				
75.1.2	Мамандық мекемесінде бөлек сабақтар мен толық пәндерді өткізу				
75.1.3	Мамандық саласындағы мекемелерде актуалды тәжірибелік тапсырмаларды орындау, тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін шеберханаларды қолдану				
75.2	ББ жұмылдырылған педагогикалық ұжым ББ мамандығы саласы бойынша тәжірибесі бар практиктерді жұмысқа қосуы керек.				

### **Өнер**

76	Білім беру бағдарламасының бағыты бойынша «Мәдениет және өнер», «Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (бейін бойынша)», «Аспаптық орындаушылық және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)», «Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)», «Музыка теориясы» және т.б. мынадай талаптарға жауап беруі тиіс				
76.1	ББ басшылығы түлектерде өнер, тәжірибелік дағды мен қабілеттер, өнер арқылы өзін таныту, жабыстыру, сызу, ән салу сияқты қабілеттердің				

	болуын көрсетуі тиіс.				
76.2	ББ басшылығы білім алушылардың білім дағдыларын өз бетінше оқуын және өзін-өзі дамыту қабілетін, саладағы өнерін көрсетуін қамтамасыз етуі тиіс.				
76.3	ББ білім алушыларға дағдылары жеке және кіші топтарда оқытылатын сабақтар мен іс-шаралардың барынша максималды санын қосуы керек, мысалы мамандану саласындағы құрметті азаматтардың мастер-класстары				
76.4	ББ басшылығы білім алушылардың үйренген шеберлік қабілеттерін көрсетуіге бағытталған іс-шаралар санын максималды көп етіп ұйымдастыруы керек, мысалы, концерттер мен көрмелер				
76.5	ББ мамандыққа тиесілі тәжірибелік жұмыстардың түрлі түрлерін шеберлік тәжірибе үшін қамтуы тиіс				
76.6	Білім алушыларды кәсіби ортамен және мамандану саласындағы сұрақтармен таныстыру мақсатында, және де теориялық даярлау негізіндегі дағдыларды алу мақсатында білім беру бағдарламасы жалпы мамандық бойынша және жеке профильденетін пәндер бойынша тәжірибені игеруге бағытталған пәндер мен іс-шараларды қамтуы тиіс, соның ішінде				
76.6.1	Мамандану саласындағы мекемеге экскурсия жасау (музейлер, театрлар, конструкторлық бюролар және т.с.с.)				
76.6.2	Мамандану мекемесінде бөлек сабақтар мен толықтай пәндерді өткізу				
76.6.3	Мамандану саласындағы актуалды тәжірибеік тапсырмаларды орындау мақсатында семинарлар өткізу және т.с.с.				
76.7	ББ аясында білім алушылардың шеберлік емтихан жұмыстарын ұжымдық түрде бағалау механизмінің болуы маңызды фактор болып табылады.				
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>3</b>	<b>2</b>		
<b>ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ</b>		<b>34</b>	<b>46</b>	<b>7</b>	